



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ЖАҢА ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ үздік университеттің мүмкіндіктері қандай?



Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президентінің халыққа арналған алғашқы Жолдауынан бері он үш жыл уақыт өтті. Осы уақыт ішіндегі әр Жолдау қоғамның тамыр соғысын деп басып қана қоймай, өзіндік өзгешеліктерімен танылып, жүйелі жүзеге асып келеді. Сол себепті көшбасшысына деген сенімі күн санап артып келе жатқан халық жыл сайынғы Жолдауды үлкен үмітпен асыға күтеді. Дамудың даңғыл жолына түсіп, толағай табыстарға жетудегі Қазақстанның сәтті қадамдарына қол соғып, келешек жоспарларына көз тастайды. Ендеше, Елбасының 29 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы қоғамда қызу талқыға түсіп отырғаны ешкімге таңсық емес.

рейтингке ену — Елбасы сынына іліккен мәселенің бірі. Ректор сөз жүзінде қозғап қана қоймай, іске кірісу керектігін баса айтты. Егер әлемнің беделді рейтингтеріне алдымен ҚазҰУ ілінбесе, бұл қазақстандық басқа қандай ЖОО-ның қолынан келуі мүмкін деген ой тастады академик Бақытжан Жұмағұлов. Біз ҚазҰУ-дың ресейлік РейтОП агенттігінің рейтингіне енгенін қуана қабылдағанбыз. Алайда бұнымен тоқтап қалмай, әлемдік беделді рейтингтерге енгуге ұмтылыс жасау керек. Себебі, ректор айтқандай, онсыз ҚазҰУ ғана емес, Қазақстанның барлық ЖОО-лары біздің түлектердің бәсекеге қабілеттілігі, талапқа сай болуы жағынан орны толмас шығынға ұшырамақ.

Нұрсұлтан Әбішұлының қазандағы актілік дәрісінде университеттегі ғылымды дамыту мәселесі сөз болғаны аян. Жолдауда да игі бастама көтерілді — Астанадағы Жаңа университет аясында үш ғылыми орталық құру жоспарланды. Олар — Өмір туралы ғылыми орталық, Энергетикалық зерттеулер орталығы және Салааралық инструментальды орталық. Бұл орталықтар Ұлттық инновациялық жүйенің басты құраушылары және Астанадағы университеттік ғылымның даму нүктесі болмақ.

Өз баяндамасында ректор қаржылық, мәдени және ғылыми орталық — Алматыдағы осындай даму нүктесі біздің университет болуы керектігін айтты. “Біздің атамыш үш бағытта — биологияда да, энергетикада да, әсіресе, ашық үлгідегі зертхана құруда балама болуға барлық мүмкіндіктеріміз бар. Сол себепті осы бағыттар бойынша мықты ұсыныстар ойлап табу және жүзеге асыру аса қажет деп ойлаймын. Егер бұл шаруаларды атқармасақ, Елбасы нұсқауымен құрылып жатқан Қазақстанның ғылыми-инновациялық жүйесінен тыс қалып қоюымыз мүмкін”, — деп шегеледі өз сөзін университет басшысы.

(Жалғасы 3-бетте)

Тема лекции была посвящена формированию глобального центра качества образования на примере ведущего национального университета Казахстана. Ректор КазНУ осветил основные этапы реформирования системы высшего образования и науки Казахстана, раскрыл и проанализировал текущие проблемы отечественной системы образования и рассказал об опыте их решения в Ка-

мэрии г. Нью-Йорка, руководство и профессорско-преподавательский состав Колумбийского университета, профессора из университетов Пенсильвании, Бостона и Нью-Джерси. Во время дискуссии, занявшей по времени более часа, были затронуты различные вопросы, касающиеся не только перспектив развития системы образования и науки Республики Казахстан, но и

Ректор КазНУ прочитал первую лекцию в Колумбийском университете

15 февраля текущего года, в стенах старейшего вуза США Колумбийского университета (г. Нью-Йорк) прозвучала первая в истории отечественной системы образования и науки лекция ректора КазНУ Бакытжана Жумагулова.



захском национальном университете. Особое внимание аудитории было обращено на механизмы реализации задач, поставленных Президентом Республики Казахстан Н.Назарбаевым в выступлении на совместном заседании обеих палат Парламента РК с ежегодным Посланием народу Казахстана.

Аудитория была очень подготовленная, их оповестили за месяц до данного события по всеамериканской академической сети. Присутствовали представители государственного департамента США, администрации

общественно-политической ситуации в стране, внешне-политического вектора Казахстана в связи с его председательствованием в ОБСЕ и многое другое.

Ректор КазНУ также обратился к аудитории и руководству Колумбийского университета с предложением поддержать инициативу казахского поэта Олжаса Сулейменова о проведении в Нью-Йорке всемирного научного форума, посвященного Великому переселению народов.

(Продолжение на 2-стр.)

санда:

БҮГІНГІ

Новый прорыв КазНУ

2-бет



Ғибраты мол ғұмыр иесі

5-бет



Қайта жаңғырған дәстүр...

7-бет



Новые перспективы международного сотрудничества

Делегация КазНУ им. аль-Фараби провела ряд важных встреч с руководителями известнейших высших учебных заведений Москвы. 5 февраля состоялась встреча ректора КазНУ Бакытжана Жумагулова с ректором МГУ имени М.В. Ломоносова Виктором Садовничим, во время которой были обсуждены вопросы стратегического развития самых главных университетов двух стран в международном образовательном пространстве. Особое внимание было уделено развитию студенческой мобильности, а также двудипломному сотрудничеству между МГУ и КазНУ. Была достигнута договоренность о приглашении в КазНУ имени аль-Фараби ведущих профессоров Московского государственного университета для проведения занятий и мастер-классов.



Во время встречи делегация казахстанского вуза ознакомилась с деятельностью этого уникального комплекса, который является ведущим научно-образовательным центром Московского региона. Также были подписаны Договоры о сотрудничестве с Объединенным институтом ядерных исследований (ОИЯИ) на проведение совместных научных исследований в передовых областях науки.

Состоялась встреча ректора КазНУ с ректором РУДН Владимиром Филипповым, во время которой прозвучали поздравления с 50-летним юбилеем РУДН. Во время продолжительной беседы коллеги обсудили широкий круг вопросов, охвативший, в частности, сотрудничество по развитию сетевого университета стран СНГ и ШОС, объединения усилий по организации и реализации высококачественных ма-

гистерских программ, предполагающие совместный выпуск магистров КазНУ и одного из 11 университетов Консорциума, а также обеспечения высокого качества подготовки научных кадров. По словам руководителя российского вуза, как в России, так и в Казахстане имеется общая проблема — старение научных кадров. Решение этой проблемы имеется, но при условии, что именно в крупные, классические университеты перейдет центр тяжести проведения фундаментальных научных исследований, и они станут истинными центрами подготовки научных кадров, играя важную роль в привлечении молодежи в науку. Встреча завершилась подписанием соглашения о сотрудничестве между КазНУ и РУДН, которое предусматривает обмен студентами и профессорско-преподавательским составом, краткосрочные стажировки по повышению квалификации и проведение совместных научных проектов.

Майра САГЫМБАЕВА

В свою очередь, ректор МГУ высоко отозвался о февральском Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана, отметив важность и необходимость широкой государственной поддержки форсированного развития образования и науки. Виктор Садовничий позитивно высказался о создании в Астане Нового университета, инициированного Президентом Казахстана. По словам Виктора Садовничего, крупнейшие центры образования и науки должны концентрироваться в созданном Новом университете в Астане и в Казахском национальном университете в Алматы.

По результатам встречи ректоры двух ведущих университетов подписали соглашение о проведении в октябре текущего года на базе КазНУ имени аль-Фараби под эгидой МГУ и Евразийской ассоциации университетов Всемирного научного форума ученых, на котором будут обсуждены проблемы науки и перспективы ее развития.

Ранее делегация КазНУ посетила Международный университет наукограда «Дубна», где встретилась с руководителем университета, президентом РАЕН Олегом Кузнецовым.

В Великобритании открылся филиал Ассоциации выпускников

На днях в Лондоне (Великобритания) создан филиал Ассоциации выпускников КазНУ имени аль-Фараби. Открытие представительства стало результатом встречи делегации КазНУ во главе с ректором Бакытжаном Жумагуловым со студентами и выпускниками казахстанских вузов, которые учатся и работают в Великобритании.

Во время встречи были обсуждены самые различные вопросы, касающиеся как условий быта и обучения казахстанских студентов, так внутри- и внешнеполитических инициатив Казахстана во время его председательствования в ОБСЕ. Живой интерес у аудитории вызвало нынешнее Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана, при обсуждении которого ректор КазНУ пояснил участникам основные положения этого стратегического документа.

Завершая встречу, представители студенчества, а в настоящее время в Великобритании обучаются порядка четырех тысяч казахстанских студентов, выступили с инициативой открыть представительство Ассоциации выпускников КазНУ в Лондоне. Предложение было полностью поддержано делегацией университета и общим собранием. Председателем филиала единогласно был избран Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Казахстан в Великобритании и Северной Ирландии Кайрат Абусеитов. Кайрат Хуатович известный ученый, долгие годы проработавший в родном университете, и сам является выпускником исторического факультета КазНУ.

К слову, Ассоциация выпускников КазНУ была создана в прошлом 2009 году. Председателем Ассоциации единогласно был избран Генеральный прокурор Республики Казахстан Кайрат Мами. В настоящее время выпускники КазНУ, а их за всю историю университета насчитывается около 125 тысяч, трудятся практически во всех уголках мира, оказывая всемерную поддержку своей альма-матер и ее студентам в вопросах учебных стажировок, трудоустройства, в организации различных научно-образовательных мероприятий и промоушн-акций.

Сегодня филиалы Ассоциации выпускников КазНУ существуют во всех областях Казахстана, в Москве, на повестке дня - открытие представительства в Германии. В адрес университета уже поступают отклики об открытии представительства Ассоциации в Лондоне, которые являются добрым примером и начинанием для всех выпускников ведущего университета Казахстана.

Алия ДЕМЕСИНОВА

Ректор КазНУ прочитал первую лекцию в Колумбийском университете

(Начало на 1-стр.)

В этот же день, Бакытжан Жумагулов встретился со студентами и преподавателями из Казахстана, которые учатся и работают в университетах Нью-Йорка. Встреча стала памятной для наших соотечественников, которые из первых уст услышали о тех положительных изменениях, происходящих сегодня на Родине, они искренне сопереживали и радовались успехам страны.

После успешно прочитанной лекции и встречи с казахстанскими студентами обучающимися в Нью-Йорке делегация из КазНУ посетила столицу США. Там состоялась деловая встреча с представителями академических и бизнес кругов Вашингтона (США). Встречи, которые были организованы при содействии Чрезвычайного и Полномочного Посла РК в США Ерлана Идрисова и Постоянного Представителя РК в ООН Бырганым Айтимовой, стали весьма продуктивными. В переговорах приняли участие директор по администрированию программ АСПРЯЛ-

АКСЕЛС г-жа Анна Доморад, исполнительный директор Ассоциации по развитию бизнеса между США и Казахстаном г-н Вильям Вил и председатель Института Центральной Азии и Кавказа при Университете Джона Хопкинса г-н Фредерик Старр. На встрече участники пришли к соглашению о поддержке инициатив Казахского национального университета по развитию студенческой мобильности, в том числе стажировок студентов и молодых ученых в ведущих американских компаниях и университетах, аккредитации образовательных программ и проведению совместных научных проектов.

Не менее важным итогом визита казахстанской делегации стало укрепление и оживление деловых контактов с Университетом имени Джорджа Вашингтона, которые до настоящего времени носили эпизодический характер. Казахская делегация встретила с первым вице-президентом Университета имени Джорджа Вашингтона господином Дональдом Леманом, заместителями вице-президента по международному сотрудниче-

ству данного университета госпожой Донной Скарборо и госпожой Лея Кениг. В конце переговоров руководство обоих университетов пришло к соглашению о заключении договора о сотрудничестве в сфере образования и науки. Договор между двумя вузами обозначит сотрудничество по обмену профессорско-преподавательским составом, развитию студенческой мобильности, организации курсов повышения квалификации для преподавателей КазНУ, внедрению экспериментальных магистерских и бакалаврских образовательных программ с условием трансферта кредитов. Американская сторона также готова содействовать ученым КазНУ в опубликовании статей в научных изданиях Университета Дж. Вашингтона и в привлечении американскими профессорами к руководству докторскими диссертациями в КазНУ им. аль-Фараби.

Результатами визита остались довольны обе стороны. В скором времени будут подписаны соответствующие договора между КазНУ и американскими вузами.

Гулназ КУЛМАХАНОВА

■ Достижение

На днях Национальный аккредитационный центр Министерства образования и науки Республики Казахстан впервые подвел итоги аккредитации высших учебных заведений по международной модели. Первым отечественным вузом, успешно прошедшим национальную аккредитацию, стал Казахский национальный университет имени аль-Фараби.



Новый прорыв КазНУ

Институциональная аккредитация – обязательная процедура в рамках Болонского процесса, основанная на самооценке университетов и внешней оценке деятельности вуза. В КазНУ им. аль-Фараби эта процедура осуществлялась внешней экспертной комиссией Национального аккредитационного центра Министерства образования и науки Республики, которую возглавлял известный ученый, руководитель Федерального аккредитационного агентства России Владимир Наводнов.

Независимая комиссия подробно ознакомилась со всеми сферами деятельности ведущего университета страны и пришла к заключению, что КазНУ имени аль-Фараби имеет четко сформулированную миссию, цели и задачи, соответствующие национальной политике в сфере высшего образования и международным образовательным стандартам, а также способствующие социально-экономическому, научно-образовательному и культурному развитию страны.

Кроме того, команда экспертов, в ко-

торую вошли представители зарубежных и отечественных вузов, академической общности и казахстанских неправительственных организаций, отметила высокий уровень проведения научных исследований, качества образования, развития университетского кампуса, а также условий обучения и проживания студентов вуза. На примере самого крупного в Алматы университета молодого Интернет-центра независимые эксперты особо подчёркнули высокую техническую оснащенность вуза и внедрение информационных технологий.

Окончательное заключение аккредитационного комитета НАЦ национальной аккредитации было оглашено 3 февраля на расширенном заседании коллегии Министерства образования и науки РК с участием премьер-министра Республики Казахстан, на котором министр образования и науки Республики Казахстан Жансейит Туймебаев вручил ректору КазНУ им. аль-Фараби Бакытжану Жумагулову первый сертификат об успешном прохождении институциональной аккредитации.

Пресс-служба КазНУ

Талқылау

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар Жолдауда Үкіметке еліміздің 2020 жылға дейінгі ғылыми-технологиялық дамуының салааралық жоспарын дайындау тапсырылғаны белгілі. Осы ретте ректор Қазақ ұлттық университетінің ғалымдарын аталмыш ғылыми бағдарламаны дайындауға белсене ат салысуға, оның 40, 50, тіпті 60 пайызын меңгеруге шақырды. Барлық мүмкіндіктер бар, сондықтан бұл тақырыпқа ат үсті қарамауымыз керектігін, бұл университет үшін маңызды тапсырма екендігін атап өтті.

Жолдаудың аса маңызды тағы бір қыры — Елбасы нұсқауымен дайындалып жатқан «Ғылым

асыруда жаңа функциялар мен нақты тапсырмалар алды. Біздің университеттің ұжымы да осы іспеттес міндеттерді өз мойнына алу керек, — деді ректор.

«Біріншіден — әрбір студент пен оқытушыға Жолдаудың мағынасы мен маңызын, сондай-ақ осыған байланысты университет атқаруға тиіс тапсырмалар легін жете жеткізу.

Екіншіден — Елбасы Жолдаудың міндеттерін атқаруға барлық ұжымды жұмылдыру.

Үшіншіден — инновациялық даму. КСРО-дан мұраға қалған білім мен ғылым арасының бөлініп, олардың бизнестен ажырауы жойылуы керек. Қазақ ұлттық университеті бұл процеске үндестік беріп, мүлде жаңа



сүріп, еліміздің болашақ интеллектуалды ұлтқа айналу жобасын жүзеге асыру сияқты аса маңызды міндеттерді арқалаған еліміздің жаңа буыны ретінде тарихи миссияны қабылдап алғанымыз үшін өзімізді бақытты сезінеміз!». Сонымен қатар, Назира студенттер университетте болып жатқан өзгерістер мен жаңаруларды шын көңілдерімен өз болашақтары үшін жасалып жатқан үлкен қолдаудың кепілі ретінде бағалайтынын жеткізді.

Бүгінде әлем мемлекеттері алдында ғасырлар бойы мәнін жоймай келе жатқан гамлеттік «болу немесе бордай тозу» ұғымы тұр. Көшбасшымызша айтсақ, бүгінгі әлемдік ұран: «Жаңар немесе өші!». Сол себепті мемлекет басшысы халыққа Жолдауында нақты әрі ауқымды тапсырмаларды алға тартты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы да осы талаптарға сай болуы керек. Осы жолда белді бекем буып, тек алғы шептен көрінуі қажет. Жолдауды талқылауға арналған мәжілісте ректор баяндамасы да, сөз алған тұлғалар пікірі де осыған сайды.

Бұл түйілген ой келесі күннен бастап ҚазҰУ факультеттеріне тарала бастады. Мысалы, 3 ақпан күні философия және саясаттану кафедрасының саясаттану кафедрасы Жолдауды талқылауға арналған дөңгелек үстел ұйымдастырды. Онда мынадай мәселелер талқыланды:

1. Индустриализация — алдағы онжылдықтағы Қазақстанның стратегиялық даму бағыты;

2. Ішкі саяси тұрақтылық — 2020 Стратегиялық жоспарды жүзеге асырудың сенімді негізі;

3. Әлемдегі ғаламдық өзгерістер келбетіндегі Қазақстан Республикасының ішкі саясаты;

4. Жаңа реформалар кезегіндегі Қазақстанның экономикалық дамуы;

5. Қазақстанның жаңа онжылдықтағы әлеуметтік стратегиясы.

Бұл үрдіс 5 ақпан күні заң факультетінде жалғасын тапты. Аталмыш факультеттің қылмыстылықпен күресу мәселелерін оқыту ғылыми-зерттеу орталығының бастамасымен Елбасы Жолдауы аясында «Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері» тақырыбында алқалы жиын өтті. Жиын барысында төмендегідей сұрақтар қарастырылды:

1. ҚР Президентінің Халыққа жолдауы тұрғысынан құқық қорғау жүйесін реформалаудың конституциялық-құқықтық негіздері;

2. Адам құқығы мен бостандықтарын қорғау — елдің құқық қорғау және сот органдары қызметінің басым бағыты ретінде;

3. Мемлекет басшысы Жолдауының ережелерін жүзеге асыру барысындағы қылмыстық саясаттың негізгі бағыттары;

4. Қазақстанның құқық қорғау жүйесін жетілдіруді ғылыммен қамтамасыз ету.

Міне, осылайша әр факультет өз саласы бойынша Жолдаудың аясында ҚазҰУ атқаруға тиіс міндеттерді оқытушылар мен студенттер санасына сіңіріп жатыр. Талқылаулар легі күні бүгінге дейін толастаған жоқ.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

ЖАҢА ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТТІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ҚАНДАЙ?

туралы» Жаңа Заңның еліміздің келешек дамуындағы өзектілігі. Академик Бақытжан Тұрсынұлы аталмыш Заң жобасын әзірлеуге қатысуда, сондай-ақ оның жаңа қағидаларын жүзеге асыру мен ғылым жұмысының жаңа механизмін дайындау және енгізуде көшбасшы болуды тағы бір міндетіміз деп түсінетінін айтты. Отырған қауымға бұл ҚазҰУ үшін үлкен жауапкершілік деп санайтынын жеткізді.

Университет тыныс-тіршілігіне тікелей қатысты тағы бір мәселе — 2020 жылға қарай орта мектептердің он екі жылдық оқу үлгісіне көшуі. «Мен ғылыми-әдістемелік конференцияда айтқанымдай, біз теориялық дисциплинаны анағұрлым қысқартатын, студенттердің өзіндік ізденісін арттыратын және мамандық бойынша саланың 50 пайызын құрайтын элективті курстарды қамтитын оқудың экспериментальды бағдарламасына көшеміз. Бұл біздің студенттерді әлемдік тәжірибеге дайындаудағы қиын, бірақ маңызды қадам болмақ. Алайда, бұл үрдістің жалғасы дамыған елдерде орта мектеп менгеретін университеттегі бірқатар дәстүрлерді қайта қарастыруды қажет етіп отыр», — деді университет басшысы өз баяндамасында. Сондай-ақ, ректор он екі жылдық үлгінің енуімен бұл мәселе шешіліп, университет қабырғасына басқаша бапталған талапкерлер келетінін айтты.

Сонымен қатар ректор Нұрсұлтан Әбішұлының салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатындағы қазақстандықтардың 30 пайызын қамтитын бұқаралық спортты дамыту туралы нұсқауына да көпшілік назарын аударды. Бұл тапсырманы ұлттық университет те спорттық шараларды жаңа сатыға көтеру арқылы шешуі керек деген ұсыныс тастады.

Сөз соңында Бақытжан Жұмағұлов 29 қаңтар күні өткен «Нұр Отан» ХДП-ның Саяси кеңесі Бюросының отырысында сөз болған Жолдауды жүзеге асыру мәселесіне арнайы тоқталды. «Басқарушы партия мемлекеттік саясатты іске



қатынастардың алаңына айналуы керек.

Төртінші мақсат — студенттер мен оқытушыларға қамқорлық жасау. Олардың әлеуметтік жағынан қорғалуы мен оқу, еңбек және өмір сүру жағдайы ректорат пен барлық факультет декандарының назарында болуы керек».

Аталған міндеттемелердің үздік іске асырылатынына сенім білдіре отырып, Бақытжан Тұрсынұлы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың университеттің 75 жылдық мерейтойына келген сапары кезіндегі актілік дәрісінде айтылған елімізде интеллектуалды ұлт қалыптастыру Жобасын тағы да бір еске салды. Онда Елбасы бас-

ты үш бағытты айқындап берген болатын — білім саласындағы серпіліс, ғылымды жетілдіру мен оның мүмкіндіктері және инновациялық даму. Бұл қағидалар осы Жолдауда жаңа үнге ие болып, нақтылық тапты. Оларды жүзеге асырудағы жоғары білім беру жүйесінің, оның ішінде үздік ұлттық университеттің атқаратын рөлі маңызды екендігі белгілі. Сол себепті, ректор біз барлық өзекті бастамаларға дер кезінде үн қосып, сондай-ақ ғылым мен білім саласындағы бүкіл үрдістерді талдай отырып, болжам жасау, олардан тағылым алып, тәжірибелік түйін түюіміз керектігін де атап көрсетті.

Жиын барысында жиі-жиі соғылған шапалақтан киналған қауымның келісімі мен қоштауы сезілді. Оны мінбеге шыққан ғалымдар мен оқытушылар, қызметкерлер мен белсенді студенттер сөздерінен де байқадық.

«Абай» ғылыми-зерттеу орталығының меңгерушісі, ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Болат Көмеков: «Елбасының биылғы Жолдауы Қазақстанның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асыруға арналды. Алғашқы онжылдықты еңсеріп, жағымды жаналықтармен сүйіншілегеннен кейінгі екінші

онжылдықтың ұзақмерзімді стратегиялық бағдарламасын бастамақ. Мұндағы басты ерекшелік — сапалық деңгейге өсу мен өрлеу мәселесі. Білім мен ғылымды дамыту арқылы бәсекеге қабілетті орта қалыптастыру, — дей келе, сапа әрқашан адами факторға — оның денсаулығы мен тұрмыстық жағдайына байланысты екендігін, Бақытжан Тұрсынұлының университетті ғылыми-зерттеу институтына айналдыру туралы ұсынысын қолдайтынын жеткізді.

Сөз алған Жастар ұймдары комитетінің жетекшісі, шығыстану факультетінің магистранты Назира Болдурукова ректордың бастамасымен атқарылып жатқан шетелдік тәжірибені қолдану жұмыстарына тоқтала отырып былай деді: «Біз өз ректорымызды Елбасы Жолдауын «Нұр Отан» ХДП-ның Саяси кеңесі Бюросының құрамында тыңдаған жалғыз ректор ретінде мақтаныш тұтамыз. Бұл өз кезегінде ҚазҰУ жастарына да үлкен міндеттер жүктейді деп қабылдаймыз. Біз, Қазақстан жастары, Елбасы белгілеп берген стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыратын бірден-бір күш ретінде, еліміздің қиынқыстау кезеңдерді артқа тастап, тұрақтылық пен ынтымағы жарасқан осындай сәтінде өмір





■ Шанағат

Қайырымдылық пен қамқорлық, мейірім мен достық қасиеттері орын алған жерде мұңға толған жүздер де бір сәтке болсын жадырамақ. Әсіресе, ата-ана алақанынан тысқары қалған жас жеткіншектер «айналайын» деген жылы сөз бен жүрек жылуына ерекше мұқтаж. Оларға замандастарының бір ауыз ыстық лебізі өн бойларына ерттей жалынды жігер сыйлап, өмірге құлшыныстарын арттыра түсетіні әрбір қайырымдылық кештерден соң ерекше айқындала түседі. Әрине, балаға деген ана мен әке махаббатын өмірдің өзге байлықтары алмастыра алмасы белгілі.

■ Рух

Рухы мықты елдің ұландары жырдан шашу шашты

«Ақынмын деп мен қалай айта аламын, халқымның өз айтқанын қайталадым» деп жырлаған мұзбалақ ақын Мұқағалидың бүгінгі ізбасарлары да жыр дүлділінен кенде емес. Ақындарымыз арқаланғанда жырдан шашу шашылып, ой маздағы бірге қозғалады.

Осы ретте, ақпанның 17 жұлдызында ҚазҰУ-дың филология және журналистика факультеттерінің «Жезқоңырау» әдеби-шығармашылық бірлестігінің аясында, «Ұлттық журналистік зерттеу орталығының» ұйымдастыруымен және демеушілігімен Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына орай жастар мен жасөспірімдер арасындағы патриоттық және рухани құндылықтарды арттыру мақсатындағы «Мен – елімнің патриотымын!» атты Алматы қалалық студенттер жыр мүшәйрасы өтті. Бұл – жас ақындардың аламан додасы. Әділқазылар алқасының құрамында филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сағатбек Медеубеков, «Атажұрт» баспасының Бас редакторы Ақберен Елгезек, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Раушан Әбдіқұлова, жазушы Қойшыбек Мүбәрек, айтыскер-ақын Асхат Қылышбек болды. Жеңімпаз жас ақындарға арнайы жүлделер тағайындалып, ақшалай сыйлықтар берілді. 1 орынды филология факультетінің ақыны Қайсар Қауымбек жеңіп алса, 2 орынға екі ақын лайық деп танылды, олар журналистика факультетінің студенттері – Олжас Қасым мен Жақсылық Қазымұратұлы. Сондай-ақ, 3 орынды да Бауыржан Әлқожа мен Ілескен Әлбатырұлы өзара бөлісті.

Мен, мен едім, мен едім!

(Махамбетше)



**Қайсар
ҚАУЫМБЕКҰЛЫ**

Шалқайғанның ханымын,
Еңкейгеннің құлымын.
Келіспейді қылығым,
(Теріс дейді мұны кім?!)
Мұқағали мұңымын,
Махамбеттің жырымын.
Қарағайдан тұғырым,
Қайсар елдің ұлымын.

Батырлардың қанымын.
Қасіреті мың батпан.
Ақындардың жанымын.

Еркең едім десең де,
Жауға салсаң ер едім.
Текті колдар кезенген
Адырнада жебе едім.
Қиып түсер қылыштай,
Қолымда бар өленім,
Сөзден өлген бабам бар,
Кек алуға келемін.
«Кең дүние, төсінді аш!»
Мен, мен едім, мен едім!!!

Гитлердің монологы

Шертіп соғыс күй түренін,
Дүние-ғайым қиратылған.
Монологы Гитлердің,
Естіледі зиратынан.

Сезем мұнда жаза барын,
Мойнымды үзер сұрау – шалмаң.
Буындырды өз ананың,
Самай шашы қырау шалған.



**Жақсылық
ҚАЗЫМҰРАТҰЛЫ**

Жылдар өтіп, күйе-мұңлы,
Арайланды ардақты ақ таң.
Алпыс бес жыл сүйегімді,
Көр азабы зар қақсатқан.

Жауап іздер сауалға кім?
Арайланды шындарда таң.
Адамзаттың зауал-зарын,
Құлақ түріп тыңдап жатам.

Сөнді көзден алғаш күлкім,
Қонақтамай көлге бакыт.
Бұл адамдар нанбас мүмкін,
Түс көремін көрде жатып.

Жанды мүжіп жалқы қайғы,
Жетпес әттең сырым нендей.
Қаңқа кеудем қалтырайды,
«Кешір» деуге тілім келмей.



**Олжас
ҚАСЫМ**

Сұлулықты сүйіп тіпті,
Сұрықсызды жойғанбыз.
Неге біздер биіктікті,
Шыңға таңып қойғанбыз?

Жалындарды суындырды,
Жанғандардың шок болуы.
Ақылдыны буындырды,
Ақымақтың көп болуы.

Қыстан кейін көктем дейміз,
Жаздан кейін күз дейміз.
Неге біздер мөлдірлікті,
Судан ғана іздейміз?

Жолдас етіп пасықтықты,
Түсіп кеткен еңседейміз.
Неге біздер ғашықтықты,
Қашықтықпен өлшемейміз?

Кеудемізді мұң басыпты,
Жүдеу өмір қалқасында.
Талай шындық шыңға шықты,
Өтіріктің арқасында.

Неге көбі ақындықты,
Өлең жазу деп ұғады?
Қорқақтарға батырлықты,
Көрсетеді өмір әлі...

Қыс ғажайыптары

Аппақ қарға жатқасын баттасып қыр,
Көзді арбайды шұғыламен саптасып нұр.
Кәдімгі қозапая секілденіп,
Тал-шыршалар үлпілдеп макта ашып тұр.

Қақаған қыс суығын бұйым көрмей,
Сұлудың күлкісімен жылынғанбыз.

Кіршен көңіл кіршіксіз тазаланып,
Шуламайды қарғалар мазаны алып.
Ақ ұлпаға оранған – аққу дүние,
Бар ынтама күш қосты ғажап анық.

Қиял-қызды құшақтап бақта келем,
Көзімде – аппақ болып жатқан әлем.
Жанымды жайрандатып ертегі елі,
Ерінім күбірлейді баптап өлең.
Алты ай жаз көңілімде сағынышты,
Саған деген ақ әлем сақтаған ем...

Ажырамас жүздері шуақ-нұрдан,
Өскіндерге қарадым жырақ тұрған.
Бала дәурен сендермен еске оралды-ау,
Шанаменен күйғытқан қырат-қырдан.

Табиғатқа тамсана, таң қалып бір,
Деп тұрмын бояуынды ал, қанық кыл.
Балаған одан сайын әсер беріп,
Далада жапалақтап қар жауып тұр...

Сені аңсаған бұл емес сырым жалғыз,
Қайда сол, қар боратсақ жымындар қыз.

Ей, ақ әлем!!!

Бұлақпен ағып кеткен балалығым



**Ілескен
ӘЛБАТЫРҰЛЫ**

Дайындаған
Жанат ҚАСЫМБЕК

Егістік таранады құлын жалды,
Бәйшешек жас бүршігін бұрын жарды.
Шындардың тақиясына тар келген соң,
Аппақ қар бұлақ болып бұрымдалды.

«Малынды ертеректеу өргіз елден»,
Қотан жақта шопан тұр – жалғыз ербен.
Мектепке алғаш барар тентек ұлдай,
Табынды тап-тақыр боп тай күзелген.

Қара жердің бетінде ағыс үдеп,
Кер дөнен елендейді шабысы кеп.
Жалайды жана туған құлыншақты,
Көкжиек: «жас көктемнің тағысы» кеп.

Қандырып сұлулыққа жанарымды,
Бүгінде бажайлаймын әр ағынды.
Осыдан он бес жылдай өтіп кеткен,
Бұл дәурен, дәурен еді-ау бала күнгі.

Көктегі күннің көзін мұнар басып,
Сәулемен шұғылалар тұр алмасып.
Шомылып аруана да, сылқымданып,
Бұйратта аунап жатыр құмар басып.

Ешқандай сыр айтпайды дала бүгін,
Дәл қазір көкірегімнің жанары мұн.
Бұйраттан сағымдана шақырады,
Бұлақпен ағып кеткен балалығым.

Бақытқа кенелемін десең, жақсылық жаса

Десек те, жанарлардың бір сәтке болса да қуанышқа бөленіп, тағдыр тәлкегіне ұшыраған бұлдіршіндердің өздерін қоғамның бақытқа лайықты бір мүшесі екендігін сезінуіне жағдай жасап тұру қазағымның “жетім көрсең, жебей жүр” деген қағидасына сай сауапты іс болмағы анық. Осы орайда, студент жастарға әлеуметтік көмек көрсетуді басты мақсаты деп танытын ҚазҰУ-дың “Сұңқар” студенттер кәсіптік одағы 2 ақпанда Алматы облысы Қаскелең қалашығында орналасқан №2 қыздарға арналған “Кәусар” корпоративті қорының интернатына арнайы барып, «Ігі істің бастауы – ізгілік пен жақсылық» атты қайырымдылық кешке ұйытқы болып келді. Бұл интернатта қазақтың 99 ибалы да инабатты қыздары тәрбиеленіп жатыр. Нәзік жан иелерін имандылық пен рақымдылыққа баулуды мақсат еткен бұл тәрбие орталығының арулары жоғарыда аталған қалашықтағы мектептерде білім алып, ой-өрістерін кеңейтіп, сауаттарын ашуда. «Сұңқар» студенттер кәсіптік одағының ұйымдастыруымен өткен қайырымдылық кеші семинар-тренингпен басталып, әр түрлі қызықты ойын-сауықпен жалғасын тапты. Университет өкілдері арнайы әзірлеп апарған сыйлықтарын үлестіріп, туған күн иелерін де құттықтаусыз қалдырмады. Мол сауапқа ие кешті ұйымдастырудың барысында ҚазҰУ студенттері осы интернаттың мектеп табылдырығын алғаш аттаған оқушылары мен 11-сыныпта оқитын жас достарын да орынды ілтінатқа кенелтіп қайтты. Әлеуметтік маңыздылыққа ие игі шара аяулы жандардың болашағына жарқын бағдар беріп, еліміздегі беделді білім ордасы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихымен таныстырып келді.

Саягүл
ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ҚазҰУ (1941 – 1945 ж.ж.)

Біздің тарих

Майданға өз еркімен аттанғандардың бірі филология факультетінің 2 курс студенті Шағила Құсанова болды. Ташкенттегі екі айлық радисттер дайындайтын курсты бітіргеннен кейін Украина, Румыния, Чехословакия, Польша, Берлинді жаудан азат етуге қатысты.

Соғыстан кейін Шағила Әкімбайқызы университеттің тарих бөлімін, аспирантураны ойдағыдай бітіріп, кандидаттық, докторлық диссертациясын қорғап, көп жылдар коммунистік партия (КПСС) тарихы кафедрасын басқарды.

Математика факультетінің аспиранты Г.Деревяно мен әскери кафедрасының оқытушысы В.А.Полевик соғыстың алғашқы күнінен майданға аттанды. Г.Деревяно Брест қамалын қорғауда ерлікпен қаза тапты.

Кеңес Одағының Батыры жоғары атағы ҚазМУ-дың биология факультетінің түлегі А.В.Попов пен Смағұловқа берілді.

Университеттегі өмір "Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!" деген басты ұранмен жүріп жатты. Университетте қалған оқытушылар мен студенттер әскери мамандықтың кем дегенде бір түрін меңгеруді міндеттенді, олардың госпитальдарға, колхоздарға, фабрикаларға көрсеткен көмектері елеулі болды. Оқытушылар мен студенттер демалыс күндері жұмыс істеп, оның еңбекақысына жылы киімдер сатып алып, майданға жіберіп отырды. 1943 жылдың қаңтарында Қазақ мемлекеттік университеті студенттерінің бастамасымен "Кеңес студенті" танк колоннасына қаражат жинау туралы үндеу тасталды. Университет студенттерінің бұл бастамасы жоғары оқу орындарында қолдау тапты.

Сұрапыл соғыстың қиын жылдарының өзінде университет дамып отырды. Жаңа факультеттер мен кафедралар ашылды.

Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесінің №328 қаулысымен 1941 жылы 8 мамырда журналистика факультеті ашылды.

1943 жылы 4 қаңтарда жануарлар физиологиясы, жалпы физика, экспериментальды физика кафедраларының тұсауы кесілсе, 1945 жылдың 12 маусымында қазақ әдебиеті кафедрасы өз жұмысын бастады.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанға эвакуациямен келген еліміздің жетекші ғалымдары университетке зор көмек көрсетті.



Олардың қатарында СССР Ғылым академиясының академиктері мен корреспондент-мүшелері И.И.Мещанинов, Н.Н.Ворожцов, В.А.Догель, М.И.Усанович, А.В.Думанский және басқалары бар еді.

Соғыс өзгертулерін оқу процесіне де енгізді. 1941-42 оқу жылында университет оқытудың үш жылдық мерзіміне көшті. Факультеттердің оқу жоспарлары мен көптеген пәндердің бағдарламалары қайта қарастырылды. Оқу жылы едеттегіден бір жарым ай кеш басталды.

Дегенмен, тап осы қиын-қыстау жылдары университеттің ғылыми потенциалы күрт жоғарылады. Бұл процестің жүруіне Алматыға қоныс аударылған елдердің ірі ғалымдары зор үлес қосты. Көптеген академиктер мен КСРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденттері соғыс жылдары Қазақ мемлекеттік университеті қабырғасында еңбек етті. 1943 жылы КСРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденті А.М.Понкратованың редакциялық басқаруымен "Қазақ ССР-і тарихы" жарық көрді. Кітап авторларының бірі – Е.Бекмаханов Қазақ мемлекеттік университетіне жұмысқа ауысты. Университетте Қ.И.Сәтбаев, Қ.Жұмалиев, С.Кеңесбаев, А.Қоңыратбаев, Т.Нұртазин, Б.Кенжебаев, Е.Исмаилов, С.Жиенбаев сынды көрнекті ғалымдар дәріс оқыды.

(Жалғасы келесі санда)



Жалын

«Рухани байлығы – өмірлік азығың» демекші, әр адамның бойында рухани байлығы мен қанға біткен қасиеті болмаса, оның ел тұтқасын ұстайтын тұлға болып қалыптасуы екіталай болмақ. Қазақ халқы емелден-ақ өнер мен ғылымды дәріптеген әрі жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан майталмандарын мақтан тұтып, оларды құрметтеп, бағалай білген ғой! Қазіргі таңдағы қоғамның кейбір қайшылықтары аға буынның көңілін алаңдататын секілді. Оның бір ғана мысалы ретінде, театр қойылымдарын тамашалайтын жастардың қатарының сиреуі мен театр мәдениетінің дұрыс сақталмауы.

Өнерді бағалай білу ақсап бара жатқандай. Осындай келенсіз жайттардың алдын алу мақсатында, ҚазҰУ-дың ректоры Бақытжан Тұрсынұлының тікелей бастамасымен «Жеті муза» қоғамы қайта қолға алынды. Бұл қоғамның мақсаты – университеттің өнер санлақтарымен біріге отырып, қазақ жастарының рухани байлығын арттырып, өнерге сүйіспеншілігін оятып, мәдениеттің ерекше бір үлгісін көрсету, студенттердің арасында рухани құндылықтардың маңыздылығы мен артықшылықтарын дәріптеуге бағытталған жұмыстар жүргізу.

«Жеті муза» қоғамының тарихы теренде жатыр. Ежелгі гректер достарын алыс сапарға



және республикалық би топтары мен ансамбльдерінің арасындағы достық-кездесу кешін, би фестивалін құру жоспарлануда.

Каллиопа – эпикалық поэзия музыкасы. Бұл муза адамның тағдыр алдындағы қорқынышын жою сезімін оятқан деседі. Бағыты – университеттегі ақын-студенттердің кітаптарының тұсаукесер кешін ұйымдастырып, поэзияға қабілеті бар жас ақындар арасында жыр мүшәйрасын құрып, қаламдарын ұштау, ҚазҰУ студенттерінің шығармашылық потенциалының республикалық деңгейде көрсетілуіне ықпал ету.

Эрато – адам баласының ішкі сезімін қаламның ұшымен сипаттаған муза. Мақсаты – көркемөнер шеберлігі бойынша барша қазҰУ-лықтар арасында қылқалам шеберлігі (бейнелеу өнері), фотоөнер, компьютерлік графика бағыттары бойынша сайыс жүргізіп, қатысушылардың жұмыстарынан көрме өткізу.

Эвтерпа музыкасының бағыты – ән, музыка жанры бойынша еліміздің танымал әншілерімен ҚазҰУ жұлдыздарының кездесуі мен кешін ұйымдастыру. Жас танымал өнер жұлдыздарын ҚазҰУ студенті ата-нуына қызықтыру арқылы университеттің белгілі өнерпаздар қатарын көбейту. Басқа да

ҚАЙТА ЖАНҒЫРҒАН ДӘСТҮР...

немесе «Жеті муза» жалғасын тапты

шығарып саларда: «Алдыңнан музаң көрінгей!» деп ақ бағасын беріп қоштасқан. Ал, ақындар мен ойшылдар болса, шығармаларын орындар алдында музаларға қарап, бата беруін сұраған. Сондай-ақ, қазіргі кезде де «егер муза келсе?!» деп айтылатын сөздер құлағымызды шалып жатады. Бізге тұңғыш тарихшы ретінде танымал Герадот өз еңбектерін музалар атымен атап, оларға өзінің құжаттық жазбаларын арнаған. Міне, сондықтан, ой ұшқырлығына жетелеп, шабыт беретін сөз ретінде пайдаланған «муза» сөзімен қоғам атау алып отыр.

Бұл қоғам алғаш рет 1965 жылы құрылып, тек университет көлемінде ғана емес, сондай-ақ, бүкіл Алматы қаласының ЖОО-да танымал болған. Аталған қоғам ҚазҰУ-дың тарих факультетінің оқытушыларымен студенттерінің ұсынысымен ашылып, оны осы факультеттің оқытушысы Бахтажар Мекішов басқарған. Бұл қоғамның аясында студенттер халыққа еңбегі сіңген әртістермен, өздерінің сүйіп тындайтын әншілерімен, қоғам қайраткерлерімен және т.б. танымал ірі тұлғалармен кездесулер өткізіп, көптеген өнер майталмандарының өз ауыздарынан өнер, мәдениет, шығармашылық туралы дәрістер тындаған. «Жеті муза» - әр бағыты өзіне тән муза атымен аталатын, өнердің жеті бағытын біріктіретін қоғам. Жеті бағытына толығырақ тоқталар болсақ:

Мельпомена – трагедия музыкасы. Бұл бағыт бойынша қалалық театрларға жаппай баруды ұйымдастыру, университеттің «БІЗ» студенттер театрының қойылымдарына танымал режиссерларды шақырып, диспуттар өткізіп, кәсіби кеңестерінің дәрістерін тындау, театр жұмысының қайта жандануына ықпал жасау көзделуде.

Калиопа музыкасының бағыты – студенттердің кино-премьералар мен отандық фильмдерге деген қызығушылығын оятып, танымал актерлармен университет қабырғасында кездесулер өткізіп отыру, студенттердің бос уақытын мейлінше өнертану, мәдениеттануға арнауға шақыру, еліктіру.

Талия – комедия музыкасы. Комедия бағыты бойынша университеттің айрықша жанмен (клоунада, жанглерлік, сикыр көрсету және т.б. цирктік өнермен) көзге түскен студенттерін іріктеп алып, олардың өнерлерін дамытуға қолайлы жағдай туғызу көзделуде.

Терпсихора – би музыкасы. Ол – адамның жаны мен тәнінің үйлесімді қимылдауына шабыт беретін муза. Мұнда университеттік



республикалық өнер жұлдыздарымен, көркемөнерпаздар ұжымдарымен тығыз қарым – қатынас орната отырып, студенттердің халықаралық байқауларға шығуына жағдай туғызу.

«Жеті муза» қоғамы қысқы сессия аяқтала салысымен-ақ, қызу іске кірісіп үлгерді. Алғашқы қадамы – мельпомена бағытынан басталды. Яғни, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында тұсауы кесілген ұйымның болашақтан үміті зор. ҚазҰУ-дың 300-ден аса студенті қойылымды тамашалай отырып, театр әдеби мен мәдениетін басқаға үлгі боларлықтай сақтай білді. Ал, актерлармен болған кездесуде студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, ұсыныс тілектерін де білдіріп жатты. Киімге де аса мән берілді. Оған арнайы кішігірім байқау жарияланып, қойылым соңында «Театр көрермендерінің Аруы мен Ханзадасы» тандалынып, белгілі режиссер Талғат Теменовтың қолынан құттықтау хаттарын алды. Олар халықаралық қатынастар факультетінің студенттері Каюпова Айгерім мен Арынов Жәнібек болып таңдалды.

Келесі кезекте эрато бағыты бойынша «ZeReK» атты жалпы университеттік қылқалам шеберлерінің байқауы өтпек. Бұл байқауда студенттер мен магистранттар, Phd докторанттар және жас барша қызметкерлер бейнелеу өнері, фотоөнер, компьютерлік графика бағыттары бойынша сайысқа түсе алады. Байқауға «Менің сүйікті ҚазҰУ-ым», «Салауатты өмір салты», «Интеллектуалды ұлт», «Студенттік шақтың естен кетпес сәттері» атты тақырыптарда үміткерлер өз туындыларын тапсыра алады. Сайыс басталып та кетті, қатысушылар өз жұмыстарын наурызға дейін тапсыра алады. Ендеше, барлық қатысушыларға сәттілік, ал, «Жеті муза» қоғамының жұмысына үлкен шығармашылық асуларды бағындыратын шабыт тіледік!

Бақдәулет ҚОНАҚБАЕВ,
«Жеті муза» қоғамының каллиопа бағытының жетекшісі

Жолжазба

2009-2010 оқу жылының 1 семестрінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Анкара университеті арасындағы келісімшарт негізінде Анкара университеті жанындағы Түрік тілін үйрету орталығы – ТÖMER-ге біз тәжірибеге жіберілген едік.



Білім алысқа жетелейді

Қыркүйек айының басында Түркияға ұшу үшін Алматы әуежайына келдік. Бізді Алматы-Ыстамбұл-Анкара рейсімен ұшатын үлкен «Бонинг» ұшағы күтіп тұрған-ды. Біз шетелге алғаш рет сапар шегіп тұрғандықтан, көңілімізді бір жағынан қуаныш, бір жағынан туған қаламыз Алматыға, осында қалып бара жатқан ата-ана, бауыр-туысқанға деген қимастық сезім жайлаған еді.

Түркия және оның астанасы Анкара қаласы туралы біздер, әрине, бұрыннан да көп мағлұматтар білетін едік, бірақ соның бәрін өз көзіңмен көргенге не жетсін! Осындай алабұртқан көңілмен бізді шығарып салған ата-анамызбен қимай қоштасып, ұшаққа міндік.

Сол күні Анкараға келіп қондық. Алғаш келгендіктен қалаға қызығып, таңырқай қарадық. Неге десеңіз, бұл қала біздің Алматыға мүддем ұқсамайды. Біз өзіміздің басқа мемлекетке, басқа дүниеге келгенімізді сезіндік. Жатақханаға орналасқаннан кейін құжаттарымызды өткізуге ТÖMER-ге барып, оқу бағдарламасымен, сабақ кестесімен таныстық. Келесі күні түрік тілінен деңгейімізді анықтау үшін тест тапсырдық. Тест сұрақтарына үздік жауап беріп, екеуіміз де жоғары деңгейдегі (Yüksek) топқа қабылдандық. Бұл біздің шығыстану факультетінің түріктану және шығыс елдері тарихы кафедрасының ұстаздарынан алған біліміміздің нәтижесі деп ойлаймыз.

ТÖMER-де түрік тілін тереңдетіп оқып, өз білімімізді одан әрі жетілдіруге тырыстық. Бізге түрік филологиясының профессорлары – Мехмет Хади Бенхүр, Мұзафер Айата сияқты білікті мамандар дәріс оқыды. ТÖMER-дің дәріс беру әдістері тіл дамыту, есту, оны ойға сақтауға бағытталған. Әр 2 ай сайын емтихан болып тұрды. Емтихан 5 түрлі сипатта өтеді: 1) шығарма жазу; 2) белгілі бір тақырыпты ауызша талқылау; 3) диалог құрастыру; 4) оқып түсіну; 5) тыңдап түсіну. Біз, әрине, көп ізденіп, еңбектендік. Сабақтан тыс уақытта кітапханаға барып, мамандығымызға байланысты әдебиеттер қарастырып оқыдық. Көптеген мәліметтер жинадық.

ТÖMER-де әлемнің көптеген елінен түрік тілін меңгеруге келген достармен бір сыныпта оқып, таныс-біліс болдық. Олар АҚШ, Ұлыбритания, Австрия, Польша, Латвия, Эстония, Гвинея, Иран, Ирак, Тайвань, Оңтүстік Корея, Жапония, Ресей, Украина, Молдова, т.б. елдердің өкілдері еді. Сол елдердің тарихы мен мәдениеті туралы қызықты деректер алдық. Оларды әлі күнге дейін есімізге алып, көңілімізде сақтаймыз.

Шетелде жүргенде достықтың қадірін біледі екенсің. Екеуіміз туысқандай болып кеттік. Бір-бірімізге арқа сүйеп, пана болдық. Екеуіміздің арасында татулық, сыйластық орнады. Достығымыз әрі қарай жалғаса береді деп ойлаймыз.

Біз түрік тілінен қатар ағылшын тілінен ақылы курстарға жазылдық. Курсты табысты аяқтап, сертификат алу құқығына ие болдық.

Сабақпен ғана шектеліп қоймай, бос уақытымызда Анкараның көрікті жерлеріне барып, мұражайларын араладық. Түркияның тарихымен, мәдениетімен, тұрмыс-салтымен танысуға тырыстық. Мәселен,

Анкарадағы Ататүрк мавзолейі, Коджатепе мешіті, Атакуле мұнарасы, Анадолу мәдениеті мұражайына, т.б. көптеген тарихи орындарға бардық. Сонымен қатар, Анкара университетінің ұйымдастыруымен Кападокия, Кызылджахамам ұлттық паркі, Аванос қаласы және Түркияның ең атақты әрі ірі қаласы Ыстамбұлға саяхат жасадық.

Ыстамбұл қаласы ұмытылмас бір әсер қалдырды. Оның ғажайып көне ғимараттары – Аяа София мұражайы, Сұлтан Ахмет, Ортақой мешіттері, Топкапы, Долмабахче, Йеребатан сарайлары, Кызкулеси мұнарасы, Таксим алаңы, Боғаз көпірі бізді таңғалдырды. Ыстамбұлдың керемет сәулет өнері біздің ерекше назарымызды аударды.

Қаңтар айында ТÖMER-дегі сабағымызды ойдағыдай аяқтап, емтихан тапсырып, диплом алдық. Содан соң, 4 ай оқыған Анкара қаласымен, достарымызбен, бізді осыншама уақыт бауырындай көрген Түркиямен қош айтысып, өзіміздің туған елімізге оралдық.

Түркияда өткен осы мерзімде біз білімімізге білім қосып, түрік тілі бойынша тәжірибе жинап, тілімізді байыта түстік. Түркия туралы біздің әсеріміз өте керемет. Болашақта магистратура, докторантураны оқу үшін осы елге қайта келеміз деген ой да жоқ емес. Әрине, оның бәрі алда. Әзірше, біз шығыстану факультетінде өз мамандығымыз бойынша оқуымызды жалғастырып жатырмыз.

Әйгерім МАНАТҚЫЗЫ, Жадыра НУКЕЖАНОВА, шығыстану факультетінің 3 курс студенттері

Алматы – Ыстамбұл – Алматы

Спорт

Аяқ доп шеберлерінің жігерлі додасы

“Біз, жас өскелең ұрпақ, тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын болашағымыз!” деген айбынды сөзді ұран еткен «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен 13 ақпанда ҚазҰУ-дың спорт кешенінде мини-футболдан жарыс өтті.

«Денсаулық – зор байлық. Біздің басты мақсатымыз – университеттегі салауатты өмір салтын насихаттайтын шараларды және жастардың студенттік өміріндегі қызықты сәттерді көптеп ұйымдастыру» – дейді әрқашан белсенділігімен көзге түсетін сұңқарлықтар. Жарысты додаға барлық факультеттерден 13 команда қатысып, ең шабандоз спортшылар жүлделі орындарды өзара бөлісті. Бұл бәйгеде философия және саясаттану факультетінің футболшылары 3 орынды місе тұтты. Тарту ретінде тамақтандыру комбинатынан тегін тамақтану мүмкіндігіне ие болды. Ал, жүлделі 2 орынды биология факультетінің ойыншылары иеленді. Оларға студенттер үшін қажетті дүние – флешка сыйға тартылды. Жарыстың барлық ауыр сындарынан сүрінбей өтіп, жүзден жүйрік шыққан география факультетінің спортшылары болды. Жеңімпаздарға сыйға «Pathword» ұялы телефоны ұсынылды. Басты сыйлық – «Сұңқар» кубогы да жүлдегерлерге табысталды. Сондай-ақ, философия және саясаттану



факультеті “Ең үздік жанкүйер” атағына лайықты деп танылды.

Міне, қаншама спорттың тарланбозы өсіп-өнген ҚазҰУ-дың қара шаңырағы әлі де талай спорт майталмандарының ордасы бола беретініне еш күмән жоқ.

Гүлвира НҰРМАХАНБЕТОВА,
экономика және бизнес факультетінің I курс студенті

Сүйінші

Ұлттық идея мәселелеріне арналған оқулық шықты

17 ақпан күні ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде «Қазақстандағы ұлттық идея: проблемаларды шешу жолдары» атты оқу құралының тұсаукесер салтанаты өтті.



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы аясында 2008-2009 жж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары мемлекеттің ұлттық идеясы жөнінде күрделі зерттеу жүргізді. Нәтижесінде әлем мемлекеттерінің әр түрлі кезеңдегі ұлттық идеясы мен идеологиясы зерттеліп,

Қазақстанның барлық аймағын қамтыған әлеуметтік сараптама қорытындысы ұсынылды. Оқу құралы журналистерге, гуманитарлы факультеттердің студенттеріне және саясаттану, философия, тарих, масс-медиа сұрақтары қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

Ұлттық идея – жаппай жаһандану белең алған ХХІ ғасырда Қазақстан үшін өзекті мәселенің бірі. Бұқаралық ақпарат құралдарында бұл тақырып аясындағы пікірталас ешқашан толастаған емес.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының, яғни саясаттанушы, журналистер, әлеуметтанушылардың көзқарастары осы оқу құралында ұсынылып отыр.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Бағасы келісім бойынша. Тарапалы – 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс №80

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор – Жауапты хатшы – Бөлім меңгерушісі – Редакторлар –

Дәрмен СМАЙЫЛ;
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,
Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ,
Меруерт МҰХАМЕТЖАНОВА,
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,
Алмат МҰХАМЕДЖАНОВ;

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Кредос-Б” баспаханасында (Егізбаев 7^А көшесі) басылды. Тел: 8 (727) 3-94-24-45

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.